

Германия Федеративтік Республикасында Қазақстан Республикасының меншігіне жылжымайтын мүлік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 29 сәуір N 688

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне Қазақстан Республикасының меншігіне: Қазақстан Республикасының меншігіне бұрын сатып алынған Рюстерналлее 18, 14050 Берлин; Энглераллее 27, Берлин; Луизенштрассе 116, Бонн мекен-жайлары бойынша жоғарыда көрсетілген жылжымайтын объектілерді сатудан алынған ақшаны кейінірек жіберумен, Германия Федеративтік Республикасының жаңа астанасындағы: Қазақстан Республикасы Елшілігінің офисін орналастыру үшін Норденштрассе, 14-15, 13156 Берлин-Панков; Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік Республикасындағы Елшісінің резиденциясы үшін Маяковскийринг 5-7, 13156 Берлин мекен-жайлары бойынша ғимараттарды Қазақстан Республикасының меншігіне сатып алуға бағыттауға рұқсат етілсін. <*>

ЕСКЕРТУ. Қаулы өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.10.19. N 1567 қаулысымен.

P001567_

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі